

To ensure food safety for people's life, health and protection of consumers interests in the territory of the Republic of Kazakhstan the Law "Of Food Product Safety" was adopted.

The deficit is accompanied mankind throughout its history, which has always been a history of the struggle for daily bread. To avoid this global problem our country should use all possible force to ensure food security and maintain a stable economic growth.

1. <http://www.minagri.gov.kz/>
2. [www.fao.org](http://www.fao.org)
3. [www.foodsafety.gov](http://www.foodsafety.gov)
4. <http://www.nationsencyclopedia.com/economies/Asia-and-the-Pacific/Kazakhstan-AGRICULTURE.html>

\*\*\*

Мақалада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі мен оның дамуына жаһандық экономиканың тиігізетін әсері қарастырылған, сондай-ақ халықтың азық-түлікке қол жетімділігін қамтамасыз ету жолдары көрсетілген.

\*\*\*

В статье рассматривается проблема продовольственной безопасности и влияние глобальной экономики на его развитие, а также показаны пути обеспечения доступности продовольствия населению страны.

*Г.К. Иляшова*

## **ЖАҢА РЫНОКТЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ: МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бүгінде жаңа экономика білікті кадрлардың жаңа генерациясын талап ететін болғандықтан еңбек рыногының тиімділігін арттыру қажет. Өзін өзі еңбекпен қамтып отырған тұрғындар – біздің экономикамыздың зор кадрлар резерві. Жаңа кәсіпорындарды біз оларда қазақстандықтардың жұмыс істеуі үшін салып жатырмыз. Олар оған дайындалуы керек. Жаңа мамандықтарға үйренулері қажет. Үкімет бизнес-қауымдастықпен бірлесіп индустриалды нысандарда жұмыс істегісі келетіндер үшін тегін кәсіптік оқу ұсыну керек. Әрбір қазақстандықтың елді ауқымды индустрияландыруға қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын тәжірибеде пайдалана отырып, қазіргі уақытта жұмысты индустрияландыру шынымен де бүкілхалықтық сипат алып, әрбір қазақстандықтың ісі болатындай етіп тұру қажет /1, 2.4. бөлім/.

Міне, Елбасының осы ұстанған бағытына қарай ұлттық еңбек рыногында да үлкен өзгерістер болғанын және болатынын көріп отырмыз. Соған байланысты посткеңестік кеңістігіндегі экономикалық қатынастар жүйесіндегі сапалық өзгерістер рыноқтық бейімділіктер экономикалық мінез-құлықтың жалпыәлемдік қағидалары мен нормаларына сай жүріп жатқанын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар кеңестік мемлекеттердің өмір сарынында қалыптасқан қоғамдық қатынастардың жүйесінің өзіндік ерекшелігі посткеңестік кеңістігіндегі елдердің экономикалық және әлеуметтік дамуында айрықша бір белгілерді қалыптастыруда.

Посткеңестік кеңістігіндегі елдердің дамуындағы өзіндік ерекшелік оларды «жаңа нарықтық мемлекеттер» деп жіктеуге мүмкіндік береді.

«Жаңа рыноқтық мемлекеттер» деген анықтама экономикалық әдебиеттердегі түсіндірмелі аппаратты нақтылау мақсатында енгізілуде. Бұл анықтамаға жетпіс жылдан астам уақыт бойы әкімшілік-әміршілдік реттеу жүйесінде дамыған, ал XX-ғасырдың соңғы шебінде бүкіл жүйенің өзгеріп қазіргі таңда рыноқтық елдер қатарына ене бастаған посткеңестік кеңістігіндегі елдер кіріп отыр. Ол елдерде көптеген экономикалық қатынастар ақсап,

рыноктың жекелеген элементтері мүлде жоқ болған. Ал рыноктық қайта құрулар рыноктық жүйенің басты элементтерін құруға толық мүмкіндік берген (жеке меншіктің пайда болуы, еркін бәсеке, рыноктық баға құру), алайда осындай жетістіктерге қол жеткізіп отырсақ та бұл елдер көпғасырлы тарихы бар рыноктық елдер дамуының праметрлеріне толық сәйкес емес.

Сондықтан да экономикалық әдебиеттерде оларды жаңа негіздегі жаңа экономикалық ұйымдар, қалыптасушы немесе дамушы рыноктары бар елдер, трансформациялы елдер деп айтылып жүр. Сол себепті де посткеңестік кеңістігіндегі елдердің экономикалық дамуының ерекшеліктеріне қарай оларды «жаңа рыноктық мемлекеттер» деп жіктемелеу ұсынылып жүр, және де халықаралық экономикалық ұйымдар тарапынан нарықтық қайта құрулар бойынша ұсыныстарды түзетуге мүмкіндік беру жағынан олардың ерекше мәртебесін анықтап отыр.

«Жаңа рыноктық мемлекеттер» деген анықтама бұл елдер үшін өте орынды анықтама болып табылады, өйткені біріншіден, посткеңестік аймақтағы елдер рыноктық дамудың бастапқы бағытында тұр, екіншіден, оларда әлемдік шаруашылық байланыстарына тең құқылы серіктес ретінде енуіне жеткілікті түрде үлкен экономикалық әлеует бар, үшіншіден, экономикалық дамудың алдыңғы сатысындағы ерекшеліктермен байланысты шаруашылық жүргізудің айрықша белгілері бар /2, 43 бет/.

Сонымен, «Жаңа рыноктық мемлекеттердің» трансформациялы экономикасындағы жұмысбастылық теориясының методологиялық мәселелерін қарастырайық.

Еңбек рыногына арналған ғылыми-экономикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерде жұмыссыздық мәселесін талдау кең өріс алған. Бұл бағыттағы мәселенің басымдылығын Дж.М.Кейнс анықтаған. Ол экономикалық белсенді халықты жұмысбасты және жұмысбасты емес деп бөледі. Кейнс, егер де жұмыс істегісі келетін және жұмысқа қабілеті бар он миллион адамның тоғыз миллионы жұмысбасты болса, онда экономикалық жүйедегі ойландыратын мәселе жұмысбасты тоғыз миллион адамды қалай пайдалану емес, тағы бір миллион адамды қалай жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі деп атап көрсеткен. Жұмыссыздық нарықтық экономикаға үлкен кедергі келтірген. Ол өте қауырт мәселе болған, және сол себепті де экономикалық жүйедегі ең маңызды мәселе болып табылды. Жұмыссыздығы бар және жұмыс күшін жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алмайтын еңбек рыногы толық емес және жетілмеген нарық деп анықталынады, ал экономикалық жүйе тұрақсыз және теңсіздік жағдайында деп танылады. Сондықтан да еңбек рыногына ықпал ету, оның практикадағы толықсыздығын және жетілмегендігін жеңу деген, ол ең алдымен жұмыссыздықпен күресті білдіреді. Яғни еңбек рыногындағы мәселелерді шешу, жұмыспен қамтылмаған жұмысшы күшінің мәселесін шешуге келіп тіреледі.

Ал еңбек рыногына арналған ғылыми-экономикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерде жұмысбастылық мәселесіне аз көңіл бөлінеді. Жұмысшы күшінің жұмысбастылығы дегеніміз – өндіріс процесіне жұмылдырылған және жұмысы бар экономикалық белсенді халық бөлігі. Жұмысбастылықпен еңбекке деген қанағаттандырылған сұраныс байланысты. Еңбекке сұраныс білдірген және жұмыс алған жұмысшы күші жаңа сапаға ие: ол әрекет етуші жұмысшы күші болды, айналыс сферасынан өндіріс сферасына өтті, өзіне еңбек әрекетін тапты. Жұмыспен қамтылмаған жұмысшы күші жұмысбасты болды. Әрине мұндай жұмысшы күші жұмыссыздарға қарағанда қоғамды аз толғандырған, сол себепті де экономикалық талдау өрісінен көбінде қалыс қалып, өзіне деген ғылыми және практикалық қызығушылықты жоғалта бастаған. Бірақ жұмысбастылықтың «жаңа рыноктық мемлекеттердегі» жаңа түрлері керісінше үлкен талдауды қажет етіп отыр, оған ғылыми негіз беруді, теориялық тұрғыда оны анықтауды қажет етуде (өзін-өзі жұмыспен қамту).

Әйтсе де жұмысбастылықтың теориялық аспектісі өте күрделі болып отыр. Жұмысбастылықтың нақты анықтамасы берілгенімен, жұмысбастылықтың теориясында ары қарай зерттеуді қажет ететін мәселелер аз емес. Жұмысбастылық қатынастарын зерттеу методологиясы пікір-таласты болып келеді. Мысалы, соңғы жылдардағы ғылыми экономикалық әдебиеттерде жұмысбастылық мәселесін зерттеудегі екі методологиялық көзқарасты бөліп көрсетуге болады. Оның бірі жұмысбастылық қатынастары мен еңбек

рыногының тығыз байланыстарындағы ортақ алғышарттарынан шығады. Бұл көзқарасқа сәйкес жұмысбастылық қатынастары еңбек рыногынан тыс жүрмейді. Еңбек рыногы жұмысшы күшін сатып алушы мен сатушыны байланыстырады. Осы еңбек рыногында жалдамалы жұмысшының жұмыс берушімен саудалық келісімдері жүргізіледі, соның барысында сатып алушы қажетті жұмысшы күшін табады, ал жұмысы жоқ жұмысшы жұмысбасты мәртебесіне ие болады. Еңбек рыногы жұмыс орындарының күрделі жиынтығы ретінде көрінеді және де оның қабілеті жұмысбасты емес жұмысшы күшін жаңа мәртебеге көтеруде жатыр. Сөйтіп еңбек рыногында тараптардың мүдделерін қорғайтын және де жұмысбастылықты реттейтін белгілі бір институционалдық қатынастар қалыптасып белгіленеді. Бұл жерде еңбек келісім шарттары, ауызша еңбек шарттары және де келісулер жасалынады, еңбектің сипаты мен келешегі, және де жалдану шарттары анықталынады. Осындай жағдайлар экономистерге, жұмысбастылық тек қана өндіріспен емес, сонымен бірге айналыспен де байланысты, еңбек рыногының құрамды элементі бола отырып оның құрылымына кіреді деген қорытынды жасауға негіз болып отыр. Сөйтіп жұмысбастылық көп аспектілі экономикалық категория болып отыр, яғни онда еңбек ресурстарының қалыптасуымен тығыз байланысты қатынастардың кіші жүйесін «өндірістің потенциалды факторларының қоғамдық комбинациясы» деп және еңбектің, өндірістің өзінде пайдаланылуымен байланысты қатынастардың кіші жүйесін бөлуге болады. Жұмысбастылықты айналыс позициясынан да, өндіріс позициясы тұрғысынан да қарастыратын бұл методологиялық көзқарасты жақтаушылар қатары көп, және де ол ғылыми экономикалық әдебиеттерде жұмысбастылық қатынастарының экономикалық мәнін кеңінен түсіндіру деп танылады.

Келесі бір методологиялық көзқарас жұмысбастылықты дербес экономикалық категория ретінде анықтайтын анықтамадан шығады, және де ол еңбек рыногынан тыс қарастырылуы мүмкін және солай болуы да қажет. Жұмысбастылықтың мәнінің қасиеттеріне сүйене отырып бұл көзқарасты жақтайтын экономистер бойынша еңбек рыногы – бұл жұмысшы күшін сатып алушы мен сатушыны байланыстыратын айналыс сферасы. Жұмыс берушімен саудалық келісімге түсе отырып жұмыссыз жүрген жұмысшы күші жұмысбасты болып, айналыс сферасынан шығады. Сөйтіп ол еңбек нарығынан ауытқи отырып ол өндіріс сферасына өтеді және сонда өзінің қолданысын табады. Еңбек рыногы жұмысшы күшін жұмысбастылар және жұмысбасты еместер деп «бөледі», яғни өндіріс сферасынан тыс қала отырып жұмысты тапқандар және оған сұраныс тудырушылар деп ажыратады. Еңбек рыногы ерекше экономикалық мазмұнға ие болады. Ол барлық жұмысшы күшін емес, тек қана жұмыс іздеушілерді біріктіреді. Сондықтан да еңбек рыногы – бұл жұмысбасты емес жұмысшы күші рыногы болмақ. Оның экономикалық талдауының шеңбері – жұмыссыздық мәселесі. Жұмысбастылықты өндіріс процесстерімен байланыстыратын бұл методологиялық көзқарасты жақтаушылар қатары соңғы уақытта көбеюде. Ол еңбек рыногының талдауынан шеткері қатынастарды ашуға мүмкіндік береді және де ғылыми экономикалық әдебиеттерде жұмысбастылық қатынастарының экономикалық мәнінің қысқартылған сипаттамасы ретінде мәлім.

Бұл жоғарыдағы екі методологиялық көзқарастардың теориялық қана емес, сондай-ақ практикалық мәні де бар. Жұмысбастылық талдауындағы қысқартылған сипаттағы көзқарас әлемдік практикада кең қолданылады. Атап айтсақ, Халықаралық еңбек ұйымының Бас директоры М.Хансеннің жыл сайынғы баяндамасында еңбек рыногындағы саясатты бір бөліп, жұмысбастылық саясатын бір бөліп көрсетіледі. Жұмысбастылықты талдаудағы бұл көзқарас еліміздің өтпелі кезеңдерінде де байқалды, яғни практикада ол мемлекеттің, еңбекті қоғамдық өндірісте пайдалану мәселесін шешуден алшақтауын білдірді: жұмысбасты емес жұмысшы күшінің жиынтығы ретіндегі еңбек рыногы, бүгінде де жұмысбастылыққа қарағанда мемлекеттің үлкен бақылауында және қорғауында. Мемлекеттік реттеудің объектісі барлық жұмысшы күші емес, тек жұмыссыздар болып отыр. Еңбек рыногындағы мемлекеттің саясаты трансформацияланушы экономиканың жағдайларына сай жұмысбастылықтың жоғары тиімділігіне жетуге, оның жаңа модельдерін жасауға зиян келтіре отырып, көп жағдайда жұмыссыздықтың деңгейін және масштабтарын анықтауға, онымен күресудің амалдары мен әдістерін табуға ойысып кетуде. Жұмысбастылық пен жұмысбасты емес

арасындағы таңдаудың пайда болуымен жұмысбастылықты мемлекеттік емес реттеу принципі басымды даму сипатына ие болды. Жұмысбастылықты шешу мәселелері отбасы, кәсіпорын, фирма, коммерциялық құрылымдар институттарына және жұмысшының өзінің иығына артылды. Жұмысбастылық деформациясының болуына, оның көлеңкелі, толық емес, ішінара, уақытша, кездейсоқ, артық және т.б. дәстүрлі емес формаларының пайда болуына және тез таралуына алғы шарттар жасалынды.

Жұмысбастылықтағы «қысқартылған» көзқарасты сыни бағалау ең алдымен практикада жұмысбастылар мен жұмысбасты еместер арасында әрдайым қозғалыстық жағдайлар болуымен байланысты. Көп жағдайда жұмысбасты және жұмысбасты емес жұмысшы күші арасында белгілі бір шекара жүргізу өте қиын. Мысалы, жұмысы бола тұрып адам басқа жұмыс іздеп жүргенде, немесе екінші бір жұмысқа орналасу мақсатында, немесе жұмыс түрін өзгерту мақсатында жұмыс іздеп жүрген жұмысшыны жұмысбасты немесе жұмысбасты емес категориясына жатқызу қиын. Ресми түрде жұмысбасты бола отырып ондай жұмысшы күші, еңбек нарығында еңбекке сұраныс тудыртып жүріп қашанда болмақ. Бұл категорияға толық емес жұмыс күні (аптасына, айына) жұмыс жасайтын жұмысшыларды немесе ішінара жұмысбастыларды, сондай-ақ уақытша жұмыс істейтіндерді, және де толыққанды жұмысбастылыққа ұмтылушы кездейсоқ табыспен жүрген жұмысшыларды да жатқызуға болады. Сонымен қатар еңбек сипаты, жалақы мөлшері, еңбек жағдайы қанағаттандырмау, оның қарқындылығын, ауырлығын, зияндылығын, алған мамандығына сай еместігін, кәсіби келешек пен шығармашылықтың жоқтығын қоса алғанда көңілдерінен шықпау деген бар. Осының барлығы жұмысбастылық жағдайында жаңа жұмыс іздеу үшін өте тән алғы шарттар болып табылады, тиісінше жұмысбасты жұмысшы күші еңбек рыногында әрдайым болмақ. Сондықтан, экономистер мынандай қорытындыға келуде, жұмысбастылық – бұл жұмысшы күшінің, оның басқа бір қалпымен қатар - жұмысбасты емес – бір қалыпты жағдайы болып табылады, және де еңбек рыногының бір белгісі бола отырып, оның құрылымына кіреді. Жұмысшы күшінің жұмысбасты және жұмысбасты емес арасындағы мәңгілік шекаралық жағдайы, рыноктық экономикада еңбек нарығының жағдайы туралы жалпы көрініс бере отырып, бұл категорияларды біріктіреді.

Жұмысбастылықты анықтау немесе айқындау мәселесі де оңай емес. Жұмысбастылықтың, жұмысы бар жұмысшы күші ретіндегі түсінігі оның үстіртін анықтамасы ретінде танылады. Ол еңбек рыногындағы жұмысшы күшінің бір жағдайының сыртқы көрінуінен туындайды. Жұмысбастылық категориясын талдаудағы тереңірек, маңызды көзқарас оның құрылымдық әлеуметтік-экономикалық талдауының болуын көрсетеді, соның ішінде оның субъектілері арасындағы қалыптасатын қатынастардың жабық жүйесінің талдауы: рыноктық экономикада еңбек ресурстарын қалыптастыру және пайдалану бойынша жалдамалы жұмысшы күші мен мемлекет, кәсіпорын, фирма және т.б. арасындағы қатынастар. Жұмысбастылық мәселесіне тереңірек үңілуге қадам жасаған ресейлік ғалым Я.Корнаи болды. Трансформациялы экономика жағдайындағы жұмысбастылықты зерттей отырып ол, оның көп бөлігін жалдамалы жұмысшылар құрайтынын атып көрсетті. Сол себепті де жұмысбастылықты талдауда жалдамалы жұмысбастылар ортаңғы рөлге ие. Я.Корнаи бұл категориядан, еңбекті жалақыға айырбастаумен жүретін рыноктық келісімдерді жасауды ғана көрмейді. Бұл жерде оның сөзі бойынша, өмір сүру бейнесінің ауысуы астарлы болып отыр.

Басқа жағынан, жұмысшы күшін жұмысбастыға жатқызу практикасы, ғылыми экономикалық әдебиеттерде берілетін жұмысбастылық анықтамасына қарағанда сөзсіз бай және әр түрлі. Мысалы, жұмысбастыға жұмысы бар және өзінің еңбегі үшін табыс алатындарды жатқызады. Бірақ практикада жұмысбасты мәртебесіне табыс алушы, бірақ дерек жүзінде жұмысын тоқтатқандарды да жатқызады. Оларға мысалы, кәсіпорынның жабылуы, қайта құрылуы, уақытша шикізат және отынның жоқтығымен, техникалық қайта жаратқандырумен, және т.б. байланысты кездерінде компенсациялық төлемдерді алатын жұмысшы күшін жатқызады. Жұмысбастыларға тіпті табыс алмайтын, жұмыс істемейтін, бірақ келісу негізінде немесе жұмысына қайта оралу мүмкіндігі туралы деректі дәлелдемелер негізінде өзінің жұмыс орнын сақтайтындарды да жатқызады. Сонымен қатар жұмысбастыларға жұмыс

істейтін, бірақ кәсіпорынның дағдарыстан шығуын күту барысында ұзақ уақыт бойы жалақы алмайтындарды да жатқызады. Сонымен қарап отырсақ, жұмысбастылық түсінігіндегі, оның құрамы мен құрылымындағы қарама қайшылықтар оны ары қарай терең зерттеуді, жұмысбастылық мәртебесін анықтайтын қатаң критерийлерді іріктеп жасауды талап етеді.

Жұмысбастылық мәселесіне статистикалық есепке алу тұрғысынан да қарау пікір таласты болып отыр. Экономикадағы жұмысбастылар саны маңызды бір макроэкономикалық көрсеткіш екені белгілі. Ол тек қана еңбекке жиынтық сұраныстың көлемін көрсетіп қоймайды. Белгілі бір еңбек өнімділігі кезінде жұмысбастылар саны көп жағдайда өнімдер мен қызметтердің өндірісінің жалпы көлемін көрсетеді. Сондықтан да жұмысбастылық сферасындағы процесстер мен тенденцияларды түсіну, оның есебінің дұрыс болуы еңбек рыногында және тұтас экономикада адекватты әлеуметтік-экономикалық саясатты жасаудың қажетті шарты болып табылады.

Алайда елдегі статистика жұмысбастылықты анықтауда әлі де болса ақсауда. Көптеген мәселелер жұмысбастылық мәртебесін айқындаумен байланысты. Жұмысбастылықтың заманауи анықтамасының негізінде Халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстары жатыр, ол бойынша барлық жұмысбастылар жалдамалы жұмысшыларға және өздерінің кәсіпорындарындағы жұмысшыларға немесе өзін-өзі жұмыспен қамтушыларға бөлінеді. Әдетте бұл адамдар белгілі бір жасқа келген, қандайда да бір қысқа уақыт болсын кез келген жұмыс түрімен айналысқан, және сол еңбектері үшін табыс алған, жұмыс орындары болған, тіпті оны сақтап та қалған, соның ішінде дерек жүзінде байланысы бар адамдар. Бұл ұсынылған анықтама белгілі бір нақтылауды қажет етеді. Мысалы, «қысқа мерзімдік кезең» кем дегенде бір сағаттық жұмысты, «уақытша жұмыс істемейтіндер» деген, әр түрлі жағдайларға байланысты, жұмыста жалдамалы жұмысшы күшінің жоқ болуының шекті ұзақтылығын белгілеуді қажет етеді, өйткені дерек жүзінде жұмысбастының демалысы (ауырған кезінде; балаға, ауру адамға және қарт адамды туысына қарау; жүкті болу және босануы бойынша декреттік демалыс; оқу демалысы; іскерлік белсенділігі төмендеген кездегі демалыс; әкімшілік тарапынан қайта оқуға жіберу; және резервте тұру; ереуілдерге шығу, және т.б.) шексіз болуы мүмкін. Жұмысшыны жұмысбастылыққа жатқызған кезде жұмыста жұмысшы күшінің жоқ болуының ұзақтығының анықсыздығы ақысыз әкімшіліктік демалыстар берген, сонау экономиканың бастапқы бетбұрыстарында да тәжірибеде болған, және де сол кезден бастап көріне бастаған. Өзін-өзі жұмыспен қамтумен де анықсыздық жағдайлары өте үлкен, ол үй шаруашылығында да жұмысбастылықты әр түрлі айқындауды білдіреді және де оларды есепке алу жүйесі де өте күрделі /3, 171-176 беттер/.

Яғни бір жағынан қарасақ олар әлеуметтік қорғаусыз жұмысбастылар санатына жатады. Қалай дегенмен де жұмысбастылықтың бұл категориясы оның эволюциялық дамуының бір көрінісі екендігі даусыз.

---

1. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы – Алматы, 30.01.2011 жыл

2. М.С.Тулегенова Финансовый капитал и интегрированные структуры. Учебное пособие. – Алматы, 2005

3. Методология экономической науки и методика преподавания экономической теории. // Материалы Ломоносовских чтений экономического факультета МГУ имени М.В.Ломоносова за 2005-2006 гг. – Москва ТЕИС 2007. 171-176 стр.

\*\*\*

Теоретический аспект занятости довольно сложен. Несмотря на четкое определение понятия, в теории занятости существует немало проблем, которые нуждаются в дальнейшем исследовании. В статье освещаются разные аспекты статуса занятости.

\*\*\*

Theoretical aspect of being busy is quite difficult. In spite of efficient determination of understanding, there are a lot of problems in theory, which need to be researched. The different aspects of being busy status are elucidated in article.